

Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-306/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21849 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 83) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 338 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11406 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 7-бабының 83) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аудио- (сөйлеу) процессорын қосу - операциядан кейін 4-8 аптадан соң күйге келтірудің бастапқы параметрлерін айқындау;

2) әмбебап аудиологиялық скрининг – МСАК ұйымдарында ерте шақтағы (үш жасқа дейінгі) және алты жастағы барлық балалардың есту бұзылысын отоакустикалық эмиссияны, қысқа-латентті есту қабілеті туындаған әлеуетті тіркеу әдісімен жыл сайын айқындау;

3) әмбебап неонаталдық аудиологиялық скрининг – бала өмірінің алғашқы үш күні ішінде босандыру ұйымдарында жаңа туған нәрестелердің есту қабілетінің бұзылуын туындаған отоакустикалық эмиссия мен әлеуеттің қысқа латентті есту қабілетін тіркеу әдісімен ерте анықтау;

4) бала – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

5) баптау сессиясы – импланттау жүйесінің (аудио) сөйлеу процессорын күйге келтіру жүргізілетін екі жұмыс күнінен төрт жұмыс күніне дейінгі кезең;

6) валидация – есту аппаратын және аудио – (сөйлеу) процессорын сурдопедагогикалық әдістермен баптаудың барабарлығын тексеру;

7) верификация – нақты құлаққа берілетін дыбыстық сигналдың деңгейі мен куплерде есептелген ұқсас сигнал (бұдан әрі – RECD) арасындағы айырмашылықты децибелде өлшеу әдісімен есту аппаратын күйге келтірудің барабарлығын тексеру;

8) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

9) есту аппаратымен бимодальді естуді протездеу – бір құлақта есту аппаратын және екіншісінде импланттау жүйесін пайдалану.

10) Емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМҚК) және МӘМС шеңберінде пациенттерді стационарға емдеуге жатқызу жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

11) ерте саңырау (долингвальды) болған пациенттер – сөйлеуді меңгергенге дейін есту қабілетін жоғалтқан пациенттер. Бұл топта сөйлеуді меңгеру кезеңінде (2-7 жас аралығында) есту қабілетінен айырылған перилингвальды балалар – пациенттер ерекшеленеді;

12) есту аппараты – микрофоннан, күшейткіш-түрлендіргіштен және ауа немесе сүйек өткізгіштігінің телефонынан (динамика) тұратын электроакустикалық құрылғы;

13) есту аппаратын, аудио- (сөйлеу) процессорын беру, сатып алу және ауыстыру кезінде есту протездік көмек көрсету қызметтері – ТМҚК және МӘМС шеңберінде жүзеге асырылатын қызметтер;

14) есту аппаратымен естуді протездеу - аппарат моделін таңдау, құлақішілік жеке ішпекті дайындау, аудиометрия параметрлеріне сәйкес оңтайлы күйін келтіру, верификация және валидация жүргізу;

15) есту аппаратымен бинауралді естуді протездеу - екі құлаққа да есту аппараттарын протездеу;

16) есту аппаратымен монауралді естуді протездеу - бір құлақты есту аппаратын протездеу;

17) естуді аудиологиялық (тереңдетілген) зерттеп-қарау - естудің бұзылу түрі мен дәрежесін анықтау мақсатында есту функциясын диагностикалаудың субъективті және объективті әдістерін пайдалану;

18) есту мүшесін протездеу кабинеті - сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің) жанынан немесе дербес заңды тұлға (оның ішінде жеке меншік нысаны бар) ретінде құрылатын құрылымдық бөлімше);

19) есту протезі маманы – мамандандыруына есту аппаратын оңтайлы таңдау және баптау, аудио (сөйлеу) процессорын баптау, сондай-ақ осы үшін қажетті зерттеу, өлшеу және есту қабілеті төмен пациенттерге нұсқау беру кіретін орта медициналық немесе орта немесе жоғары техникалық білімі бар маман;

20) естуді протездеу – адамның коммуникативтік мүмкіндіктерін есту функциясының (есту аппаратының, ортаңғы құлақты импланттау жүйесінің, сүйек өткізгіштігінің, кохлеарлық импланттаудың және т. б.) бұзылуын өтейтін медициналық бұйымдарды пайдалану арқылы қалпына келтіру;

21) импланттау әдісімен естуді протездеу - есту сезімін қалпына келтіру мақсатында ішкі, ортаңғы құлаққа немесе уақытша самайсүйекке есту имплантын импланттау, сондай-ақ аудио – (сөйлеу) процессорының операциядан кейінгі күйге келтіруді жүргізу. Импланттау жүйелері ішкі – имплант-және сыртқы – аудио - (сөйлеу) процессорынан тұрады;

22) кеш саңырау (постлингвальды) болған пациенттер - сөйлеуді меңгергеннен кейін есту қабілетінен айырылған пациенттер (балалар, жасөспірімдер мен ересектер);

23) консультациялық-диагностикалық сурдологиялық көмек – тәулік бойы медициналық бақылаусыз, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмекті (бұдан әрі – ЖТМК) қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмек;

24) кохлеарлық импланттау жүйесі (бұдан әрі – КИ жүйесі) - зақымданған немесе жоқ талшықтық жасушаларының функцияларын орындайтын және жүйке талшықтарының электрлік ынталандырылуын қамтамасыз ететін жүйе;

25) қысқа латенттелген естудің шақырылған потенциалдары - есту жүйесінің әртүрлі құрылымдарында, негізінен ми бағанасында, дыбыстық ынталандыруға жауап ретінде пайда болатын және бастың бетінен тіркелетін биоэлектрлік потенциалдар;

26) мамандандырылған медициналық көмек – бейінді мамандар диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін қажет ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету құралдарын пайдалана отырып көрсететін көмек;

27) медициналық ақпараттық жүйе - денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

28) медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия – мақсаты денсаулық сақтау саласындағы стандарттауды, клиникалық хаттамаларды, сапаны бақылау жүйесінің стандарттарын және қызметтерге қолжетімділікті жетілдіру, сондай-ақ Кодекстің 25-бабына сәйкес субъектілерді аккредиттеу бойынша ұсынымдарды әзірлеу болып табылатын уәкілетті орган жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңесші орган (бұдан әрі - СБК);

29) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – міндетті медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

30) ортаңғы құлақты импланттау жүйесі – дыбыстарды ортаңғы құлақтың есту сүйектерінің тізбегінің тербелісіне тікелей айналдыруға ықпал ететін жүйе;

31) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (бұдан әрі – ПМПК) – психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеп-қарауды және оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша консультация беруді жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымы;

32) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, оңалту орталығы – даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсететін арнайы білім беру ұйымы;

33) ре-скрининг - алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында (бұдан әрі - МСАК) бала өмірінің алғашқы 10-30 күнінде оның

бұзылуын ерте анықтау мақсатында туындаған отоакустикалық эмиссия мен әлеуеттердің қысқа латентті естуді тіркеу әдісімен естуді қайта зерттеу;

34) сөйлеу процессорын баптау - КИ жүйесінің әрбір арнасында есту шектері мен дыбыс көлемінің ең қолайлы деңгейін анықтау, сөйлеуді кодтау стратегиясын таңдау, жеке тыңдау бағдарламаларын құру;

35) сүйек өткізгіштігін импланттау жүйесі – тікелей сүйек өткізгіштігі қағидаты бойынша дыбыс беру жүйесі;

36) сурдологиялық көмек – консультациялық-диагностикалық, стационарлық немесе стационарды алмастыратын жағдайларда есту қабілеті бұзылған адамдарды профилактикалауға, уақтылы анықтауға, диагностикалауға, емдеуге, естуді протездеуге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

37) сурдологиялық орталық немесе бөлімше (кабинет) – МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында, моно-көп бейінді клиникада немесе аудиологиялық зерттеп-қарау, есту протездеу мәселелерін шешу, естуді жақсарту операцияларын жүргізу, диспансерлік есепке қою қажеттігі, сондай-ақ сурдологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша ересектерге және (немесе) балаларға медициналық көмек көрсететін дербес заңды тұлға (оның ішінде жеке меншік нысаны бар) ретінде құрылатын денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесі;

38) тимпанометрия (импедансометрия) - ортаңғы құлақтың жай-күйін, дабыл жарғағының қозғалу дәрежесін және есту сүйектерінің өткізгіштігін бағалау үшін сыртқы есту жолындағы ауа қысымының өзгеруі кезінде акустикалық кедергіні өлшеу;

39) шақырылған отоакустикалық эмиссия - бұл сыртқы есту каналында ұлулардың сыртқы түк жасушаларының дыбыстық сигналға жауап ретінде жиырылуы нәтижесінде пайда болатын және тіркелетін өте әлсіз дыбыс.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік сурдологиялық орталықтар немесе бөлімшелер (кабинеттер):

алпыс мың балаға бір кабинет;

жүз мың ересекке бір кабинет есебінен ашылады.

4. Сурдологиялық орталық немесе бөлімше (кабинет) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қажетті жабдықпен жарақталады.

5. Сурдологиялық орталықтардың немесе бөлімшелердің (кабинеттердің); есту протездеу кабинеттерінің штаттары мен штат нормативтері, медициналық және педагогикалық персонал лауазымдары осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

6. Консультациялық-диагностикалық сурдологиялық көмек, есту-протездік көмек көрсететін ұйымдар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес үй-жайларға орналастырылады. Мамандардың барлық кабинеттері, сондай-ақ есту диагностикасын

жүргізуге арналған үй-жайлар дыбыс өткізбейтін есіктермен және терезелермен жарақталады.

7. Сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің), есту протездеу кабинетінің мамандары осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бір пациентті қабылдауға арналған уақыт нормативтеріне сәйкес сурдологиялық көмек көрсетеді.

2-тарау. Халыққа сурдологиялық көмек көрсету тәртібі

8. Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек кезең-кезеңмен көрсетіледі:

бірінші кезең – аудиологиялық скрининг;

екінші кезең – естуді тереңдетілген зерттеп-қарау;

үшінші кезең – естуді протездеу (медициналық оңалту);

төртінші кезең – түзету-дамытушылық оқыту;

бесінші кезең – есту функциялары бұзылысының орнын толтыратын медициналық бұйымдарды ауыстыру.

9. Аудиологиялық скрининг ерте шақтағы балалардың (үш жасқа дейінгілерді қоса алғанда) әмбебап неонаталдық аудиологиялық скринингін, ре-скринингін, әмбебап аудиологиялық скринингін және алты-жеті жас аралығындағы балаларды профилактикалық қарап-тексеруді жүргізуді қамтиды.

10. Жаңа туған нәрестелерге босандыру ұйымдарында өмірінің бірінші тәулігінде тиісті оқытудан өткен мейіргер туындаған отоакустикалық эмиссияны және қысқа патенттелген есту қабілеті туындаған әлеуетті тіркеу әдісімен әмбебап аудиологиялық скрининг жүргізеді.

11. Босандыру ұйымында (меншік нысанына қарамастан) жаңа туған нәрестеге зерттеу нәтижелерін медициналық ақпараттық жүйеге енгізе отырып, жеке нөмір беріледі.

12. Ре-скрининг МСАК денсаулық сақтау ұйымының баланы дамыту кабинетінде туындаған отоакустикалық эмиссияны, қысқа патенттелген есту қабілеті туындаған әлеуетті және тимпанометрияны тіркеу әдісімен бала өмірінің оныншы-отызыншы күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жыл сайын МСАК денсаулық сақтау ұйымында туындаған отоакустикалық эмиссияны, қысқа патенттелген есту қабілеті туындаған әлеуетті тіркеу әдісімен ерте жастағы (үш жасқа дейінгілерді қоса алғанда) балаларға әмбебап аудиологиялық скрининг жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Алты-жеті жастағы балаларды профилактикалық қарап-тексеру баланы дамыту кабинетінде туындаған отоакустикалық эмиссияны, қысқа патенттелген есту қабілеті туындаған әлеуетті және тимпанометрияны тіркеу әдісімен жүзеге асырылады, қарап-тексеру нәтижелерін оториноларинголог дәрігерлерге, педиатрларға және (немесе) баланың бекітілген жері бойынша жалпы практика дәрігерлеріне береді.

Есту қабілетінің бұзылуы анықталған кезде баланы дамыту кабинетінің мамандары мен оториноларинголог дәрігерлер, педиатрлар және (немесе) жалпы практика дәрігерлері естуді тереңдетілген зерттеп-қарауға балаларды сурдологиялық орталыққа немесе бөлімшеге (кабинетке), сондай-ақ психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттеріне, оңалту орталықтарына, жалпы және арнайы типтегі мектепке дейінгі ұйымдарға консультация беру және жолдау үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жібереді.

15. Есту қабілетін тереңдетілген (аудиологиялық) зерттеп-қарау диагностиканың субъективті және объективті әдістерін пайдалана отырып, есту қабілетінің бұзылу түрі мен дәрежесін айқындау, есту функциясын уақтылы емдеуге және (немесе) түзетуге жіберу мақсатында сурдологиялық орталықтарда немесе бөлімшелерде (кабинеттерде) жүргізіледі.

16. Есту қабілетінің төмендеу дәрежесін айқындау мынадай сыныптамаға сәйкес жүргізіледі:

Құлақ мүкістігінің I дәрежесі (жеңіл) – есту қабілетінің орташа жоғалуы 26-40 децибел;

Құлақ мүкістігінің II дәрежесі (орташа) – есту қабілетінің орташа жоғалуы 41-55 децибел;

Құлақ мүкістігінің III дәрежесі (орташа ауыр) – есту қабілетінің орташа жоғалуы 56 -70 децибел;

Құлақ мүкістігінің IV дәрежесі (ауыр) – есту қабілетінің орташа жоғалуы 71 – 90 децибел;

саңырау - орташа есту қабілетінің жоғалуы 90 децибелден асады.

17. Сурдологиялық орталыққа немесе бөлімшеге (кабинетке) скринингтің кез келген кезеңінде бейінді мамандар:

1) денсаулық жағдайы бойынша қарқынды терапия палатасында күнтізбелік бес күннен асқан нәрестелерді;

2) шала туылған нәрестелерді;

3) жаңа туған нәрестелер мен "өткен жоқ" аудиологиялық скрининг нәтижесі бар ерте жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды;

4) есту қабілетінің бұзылуына және (немесе) құлақ мүкістігінің даму тәуекел факторларына күдікті балалар мен ересектерді;

5) есту және сөйлеу органдарының патологиясы бар балалар мен ересектерді аудиологиялық тексеруге жібереді.

18. Балалар мен ересектердің есту функциясын аудиологиялық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің) мамандары есту қабілетінің бұзылу түрі мен дәрежесіне қарай мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді және (немесе) түзету-дамыту көмегін алуды ұсынады.

19. Сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің) мамандары есту функциясының қайтымды бұзылуын анықтаған кезде пациент оториноларингологиялық бейінді диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, сондай-ақ СБК ұсынған клиникалық нұсқаулықтарға сәйкес емделуге оториноларинголог дәрігерге жіберіледі.

20. Сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің) мамандары есту функциясының қайтымсыз бұзылуын анықтаған кезде пациент мынадай ұйымдарға жіберіледі:

естуді протездеуге көрсетілімдерге сәйкес ортаңғы құлақты имплантаттау, сүйек өткізгіштік импланттары және кохлеарлық импланттау бойынша ЖТМК көрсететін есту протездеу кабинеттеріне (мемлекеттік немесе жеке) және (немесе) денсаулық сақтау ұйымдарына;

мүгедектік тобын ресімдеуге III, IV дәрежелі есту және саңырау функциясының екі жақты бұзылуы анықталған жағдайда денсаулық сақтау ұйымының уәкілетті органына, дәрігерлік-консультациялық комиссияға;

баланың білім беру бағытын ұйымдастыру үшін аумақтық ПМПК-ға;

динамикалық бақылауды жүзеге асыру үшін пациентті бекітілген жері бойынша оториноларинголог дәрігеріне, жалпы практика дәрігеріне, терапевтке, педиатрға.

21. Пациенттер (балалар) естуді протездеуден кейін психологиялық-педагогикалық зерттеу үшін аумақтық ПМПК-ға жіберіледі. Балалардың даму ерекшеліктері мен ықтимал мүмкіндіктеріне қарамастан психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар түзету-дамыту оқытуды алу үшін жолдама береді.

Түзету-дамытушылық оқыту (төртінші кезең) мынадай білім беру ұйымдарында жүргізіледі: психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде (ППТК), оңалту орталықтарында, жалпы немесе арнайы типтегі мектепке дейінгі балалар ұйымдарында. Ересек пациенттерді сурдолог дәрігер сурдологиялық орталықтарға немесе бөлімшелерге (кабинеттерге) сурдопедагогтың сабағына жібереді.

22. Мүгедектігі бар адамдарды есту функциясының бұзылуын өтейтін медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету және ауыстыру "Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық)

құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32993 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 287 бұйрық) және "Мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 284 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32984 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 284 бұйрық) сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Пациент туралы барлық деректер электрондық медициналық ақпараттық жүйеге енгізіледі және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберіледі.

3-тарау. Есту аппараттарымен естуді протездеу

24. Мүгедектігі жоқ адамдарға медициналық көрсетілімдер бойынша есту протезі көмегін ұсыну жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мүгедектігі жоқ адамдарды медициналық көрсетілімдер бойынша есту протезі көмегімен қамтамасыз етуді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары өз құзыреті шегінде: мүгедектігі жоқ адамдарды медициналық көрсетілімдер бойынша есту протезі көмегімен қамтамасыз ету үшін медициналық бұйымдарды сатып алуды жүзеге асырады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-1. Есту функциясының 1, 2, 3, 4 дәрежедегі созылмалы (қайтымсыз) бұзылуы бар , мүгедектік дәрежесі жоқ адамдарды есту функциясының бұзылуын өтейтін медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету және ауыстыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Есту аппараттарымен естуді протездеу оториноларинголог (сурдолог) дәрігердің қорытындысы бойынша естуді аудиологиялық зерттеп-қараудан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Есту аппараттарымен есту қабілетін протездеу мыналарды қамтиды:

1) естуді аудиологиялық тексеру және есту аппараттарымен естуді протездеу қажеттілігі туралы оториноларинголог (сурдолог) дәрігерінің қорытындысы;

2) әуеде және сүйекте 30 децибелден астам өткізу бойынша есту шегі бар есту өткірлігінің қайтымсыз төмендеуі кезінде монауралдық, бинауралдық немесе бимодальдық естуді протездеу ұсынымы;

3) есту аппаратының оңтайлы түрін анықтау: дыбысты жүргізу тәсілі бойынша (ауа немесе сүйек өткізгіштігі), алып жүру орны бойынша (құлақ сыртындағы түрі, құлақ ішіндегі түрі, сүйек өткізгіштік аппараты).

26. Есту аппараттарының есту қабілетін протездеуінің жалпы көрсеткіштері:

1) ересектер мен барлық жастағы балаларда - 30 децибелден астам әуеде және сүйекте жүргізу бойынша есту шегі бар сөйлеу жиілігі диапазонындағы естудің қайтымсыз бұзылуы, оларды дәрілік және хирургиялық әдістермен емдеу мүмкін емес, тиімсіз немесе медициналық себептер бойынша көрсетілмеген;

2) есту қабілетінің ауыр немесе терең төмендеуі диагностикаланған ерте жастағы балаларда есту аппараттарымен естуді протездеу кохлеарлық импланттауды жүргізудің тиімділігі мен орындылығы туралы мәселені шешу үшін сынамалық оңалту ретінде пайдаланылады;

3) ересектер мен балаларда бір жақты кохлеарлық импланттау жүргізілгеннен кейін - имплантталмаған құлақтың есту қабілетін протездеу (бимодальді естуді протездеу).

27. Есту аппараттарымен естуді протездеуде балалар мен ересектерде ауа өткізгіштігі көрсетілген:

1) екі жақты симметриялық немесе асимметриялық кондуктивтік, сенсоневралдық немесе аралас есту қабілетінің жоғалуы кезінде есту қабілетінің орташа шегі 30 – 90 децибелмен (500, 1000 және 2000 Герц жиіліктерде) бір тұқымдастықтың қазіргі заманғы цифрлық есту аппараттарымен бинауралдық естуді протездеу);

2) оң жақ және сол жақ құлақта есту қабілетінің жоғалуында айтарлықтай айырмашылық болған кезде екі жақты асимметриялық кондуктивтік, сенсоневралдық немесе аралас есту қабілеті жоғалған кезде қазіргі заманғы сандық есту аппараттарымен ең жақсы еститін құлақты монауралдық естуді протездеу (кемінде 30 децибелден кем емес);

3) бір жақты кондуктивтік, сенсоневралдық немесе аралас есту қабілетінің жоғалуы кезінде 90 децибелге дейінгі орташа есту шегімен (екінші құлақта есту қабілеті сақталған жағдайда) қазіргі заманғы сандық есту аппараттарымен монауральдық естуді протездеу;

4) кохлеарлық имплант және кондуктивтік, сенсоневралдық немесе аралас құлақ мүкістігі бір жақты есту протезі кезінде басқа құлаққа 30 – 90 децибелдің орташа есту шегі бар (500, 1000 және 2000 Герц жиіліктерінде) контралатералдық құлаққа бапталған қазіргі заманғы сандық есту аппараттарымен бимодальдық естуді протездеу.

28. Балалар мен ересектердегі сүйек өткізгіштігінің есту аппараттарымен естуді протездеу:

1) сыртқы және ортаңғы құлақтың даму кемістіктері, созылмалы ортаңғы отит және басқа да аурулар салдарынан ауа өткізгіштігі бар есту аппаратын қолдану мүмкіндігінің болмауы;

2) анатомиялық ерекшеліктерге (балалар жасы) байланысты сүйек импланттау жүйесін орнату мүмкіндігінің болмауы;

3) сүйек өткізгіштігі бойынша 45 децибелге дейін орташа есту шегімен екі жақты немесе бір жақты кондуктивтік және аралас есту қабілетінің төмендеуі;

4) сыртқы есту жолының атрезиясы, микротия;

5) есту қабілетінің кенеттен жоғалуынан, жарақаттанудан, акустикалық невриноманы алып тастаудан, Меньер ауруының ауыр нысандарынан туындаған біржақты сенсоневральді керендік кезінде көрінеді.

29. Цифрлық есту аппараттарын таңдау және есту протездеу дыбысты өңдеудің заманауи технологияларын, DSL және NAL-NL2 баптау алгоритмдерін қолдану, кемінде 8 жиілік арналарын пайдалану, жиілікті ауыстыру мүмкіндіктері бар кеңейтілген жиілік диапазоны, бинауралды синхрондау, шуды интеллектуалды басу және кері акустикалық байланыс, көпжолалы бағытталуы, сондай-ақ IP68 рейтингі бар наноқаптаманың және қауіпсіздік құралдарының болуы арқылы жүзеге асырылады. Есту аппараттарын жарық LED-индикатормен жабдықталуына, батарея бөлігін бұғаттау мүмкіндігі, мобильді қосымшалармен біріктіру және FM-жүйелерімен үйлесімділігіне қойылатын қосымша талаптар ескеріледі

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Туа біткен есту мүкістігі бар күні жетіп туған балаларда есту аппараттарымен естуді протездеу төрт – алты айлық жасында, шала туған балаларда алты – сегіз айлық жасында, есту (аудиториялық) нейропатиясы бар балаларда бір жастан ерте емес жаста жүзеге асырылады.

31. Балалардағы есту аппараттарын баптау параметрлерін нақтылау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

1) бастапқы баптаудан кейін бір айдан кейін қайтадан;

2) бала өмірінің бірінші жылында әр екі-үш ай сайын;

3) бес жасқа дейін әр төрт-алты ай сайын;

4) бес жастан кейін жыл сайын.

32. Естуді протездеу кабинетінде:

1) естуді аудиологиялық зерттеп-қарау және оны естуді протездеу үшін жеткілікті деп бағалау, қажет болған кезде - қосымша зерттеулер немесе динамикадағы зерттеулер жүргізу;

2) есту аппаратын таңдау және күйге келтіру, верификация және валидация;

3) ауа өткізгіштігі бар есту аппаратын пайдалану кезінде жеке ішпектің материалы мен құрылымдық ерекшеліктерін, вентильдік саңылау параметрлерін таңдауды негізге ала отыра, жеке құлақ ішпегін дайындау;

4) сыртқы есту жолының материалы мен құрылымдық ерекшеліктерін таңдауды негізге ала отырып, құлақішілік есту аппаратын жасау;

5) бейімделу дәрежесін ескере отырып, есту аппаратын дәл күйге келтіру және жұмыс режимін анықтау;

6) бала мен ересек адамның жаңа акустикалық жағдайларына бейімделу сабақтары;

7) кепілдікті және кепілдіктен кейінгі сервистік және техникалық қызмет көрсету жүргізіледі.

33. Есту аппаратын таңдау және күйге келтіру тиімділігінің критерийі нақты құлақтағы шығу сигналын өлшеу әдісімен верификация нәтижелері, есту аппараты бар және онсыз еркін дыбыс алаңында тональды шекті және сөйлеу аудиометриясын жүргізу және валидация болып табылады.

34. Есту аппаратымен естуді протездеуден кейін пациенттің деректері естуді протездеудің түрін (бинауралдық, монауралдық немесе бимодальдық), моделін, типін (ауа немесе сүйек), жеке қосымша беттің түрін, күйге келтіру сессияларының деректерін, нақты құлақтағы шығу сигналын өлшеу әдісімен шығу сигналын өлшеу нәтижелерін көрсете отырып, медициналық ақпараттық жүйеге енгізіледі.

35. Есту аппаратымен естуді протездеуді қажет ететін пациентте кез келген ауру бойынша мүгедектік тобы болған кезде есту протезімен қамтамасыз ету № 287 және № 284 бұйрықтарына сәйкес 4 жылда 1 рет есту протездеу кабинеттерінде бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Есту қабілетін протездеу кабинеттері кемінде үш өндіруші фирмадан есту аппараттарын таңдауды қамтамасыз етеді.

38. Кез келген ауру бойынша мүгедектік тобы бар пациенттерге есту аппараттарын ауыстыру № 287 және № 284 бұйрықтарына сәйкес 4 жылда 1 рет оларды берген есту протездеу кабинетінде жүргізіледі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Мүгедектігі жоқ адамдардың есту протезін, соның ішінде сүйек өткізгіштігін ауыстыру оларды берген есту протездеу кабинетінде орнатылған сәттен бастап 4 жыл өткен соң жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Ортаңғы құлақты және сүйек өткізгіштігін имплант жүйелерімен естуді протездеу

40. Көрсеткіштерді айқындау және ортаңғы құлақты және (немесе) сүйек өткізгіштігін импланттау жүйелерін естуді протездеу бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жіберу оториноларингологиялық бейінді диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, сондай-ақ медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия ұсынған клиникалық нұсқауларға сәйкес Сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің) "оториноларингология (сурдология) (ересектер немесе балалар)" мамандығы бойынша дәрігерінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

41. Медициналық ұйымда бейінді маман болмаған жағдайда ортаңғы құлақты импланттауды және (немесе) сүйек өткізгіштігін жүргізу үшін көрсетілімдерді нақтылауға арналған жолдаманы педиатр дәрігер, терапевт, жалпы практика дәрігері немесе невропатолог береді.

42. Ортаңғы құлақ пен сүйек өткізгіштігін импланттау жүйелерімен есту қабілетін протездеу мыналарды қамтиды:

операция алдындағы тексеруден және көрсеткіштерді нақтылаудан, хирургиялық операция жасаудан, аудио- (сөйлеу) процессорын қосудан және оңалтудың барлық кезеңінде оны одан әрі баптаудан тұратын медициналық кезең;

аумақтық ПМПК-ден жолдама бойынша арнайы білім беру ұйымдарында есту қабілеті бұзылған балаларға түзету-дамыту көмегінен тұратын педагогикалық кезең.

43. Ортаңғы құлақты импланттау жүйесімен естуді протездеуді жүргізуге арналған медициналық көрсеткіштер:

1) туа біткен құлақ ауытқулары, тимпаносклероз, отосклероз, ортаңғы құлақтың жабысқақ аурулары, сондай-ақ ортаңғы құлаққа жасалған операциядан кейінгі, есту қабілетін жақсарту операцияларынан кейін есту қабілетінің жақсаруы болмаған кезде екі жақты кондуктивтік немесе аралас құлақ мүкістігі;

2) 500 Герц сүйек дыбысталу шегі кезінде есту қабілетінің жоғалуы 55 децибелден аспайды, жоғары жиілікте – 75 децибелден аспайды;

3) 65 децибелге 50% - дан астам сөйлеу анықтығы;

4) 500 Герц 55 децибелден аспайтын және жоғары жиіліктерде 75 децибелден аспайтын сүйек дыбысталу шегі кезінде ортаңғы құлақта операциялық емдеу жүргізілгеннен кейін немесе ортаңғы құлақтың даму аномалияларында кондуктивтік немесе аралас құлақ мүкістігінің болуы;

5) ауа өткізгіштігі бар есту аппаратын пайдалану тәжірибесі және оларды ұзақ уақыт киген кездегі қанағаттанбаушылық (сыртқы есту жолының туа біткен аномалиясы бар балалардан басқа);

6) 24 ай бойы есту функциясының тұрақтылығы;

7) 24 ай бойы ортаңғы құлақта қабыну процесі өршуінің болмауы.

44. Ортаңғы құлақты импланттау жүйесімен естуді протездеуді жүргізуге медициналық қарсы көрсетілімдер:

1) сүйекті дыбыс өткізгенде есту шегі жоғарылаған құлақ мүкістігінің айқын білінетін сенсоневралдық (нейросенсорлық) компоненті – 500 Герцке 55 децибелден астам, жоғары жиіліктерде-75 децибелден астам;

2) сөйлеу анықтығының төмен пайызы (дыбыс қарқындылығы 65 децибел кезінде сөйлеу қабілеті 50% - дан аз);

3) спонтанды вестибулярлық бұзылулар (эндолимфатикалық гидропс, жарақаттан кейінгі лабиринтопатия, естудің экстралабиринттік бұзылуы, вертебробазилярлы қан айналымының бұзылуы);

4) дабыл қуысындағы холестеатоманың немесе іріңді-кариозды процестің қайталануы;

5) жіті немесе ауыр соматикалық патологияның болуы (тыныс алу жолдарының жіті аурулары, жіті инфекциялық аурулар, айқын гипотрофия, вакцинациядан кейінгі жағдай (кемінде он - он төрт күн), созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі, ауыр декомпенсацияланған немесе субкомпенсацияланған туа біткен даму ақаулары, туберкулез, шок және коллапс, бауыр және бүйрек аурулары, гемоглобин деңгейі 80 г/л-ден төмен айқын анемия, әртүрлі этиологиядағы генерализацияланған құрысулар, қатерлі ісіктер (III-IV саты), III дәрежеден жоғары тыныс алу функциясының жеткіліксіздігі, декомпенсация сатысындағы аурулар, түзетілмейтін метаболикалық аурулар, 2 дәрежелі және одан жоғары ревматикалық процестің белсенділігі, гормондық терапияның болуы, терінің іріңді аурулары, терінің жұқпалы аурулары (қышыма, саңырауқұлақ аурулары және басқалары), қант диабеті, қан аурулары, ауыр аллергиялық және аутоиммундық аурулар;

6) жалпы және арнайы білім беру ұйымдарында немесе сурдологиялық денсаулық сақтау кабинеттерінде есту қабілеті бұзылған пациенттермен имплант пен аудио (сөйлеу) процессорын пайдалануды және арнайы ұйымдастырылған түзету психологиялық-педагогикалық жұмысты (түзету-дамыту көмегін) жүргізуді

қиындататын психикалық және өрескел неврологиялық бұзылулардың болуы (аурулардың халықаралық жіктемесінің 10 коды бар жеке тұлғаның десоциализациясы бар психикалық аурулар: f00, F02, F03, F05, F10 – 29, F63, F72 – F73 қайта қарау);;

7) ретрокохлеарлы патология.

45. Сүйек өткізгіштігін импланттау жүйесімен есту қабілетін протездеуді жүргізуге арналған медициналық көрсеткіштер:

1) туа біткен құлақ ауытқулары кезіндегі екі жақты кондуктивтік немесе аралас құлақ мүкістігі;

2) естуді жақсарту операцияларынан кейін есту қабілетінің жақсаруының болмауы;

3) 500 Герцке 55 децибелден аспайтын, жоғары жиіліктерде 75 децибелден аспайтын сүйек дыбысталу шегі кезінде есту қабілетінің жоғалуы;

4) 65 децибелге 50% - дан астам сөйлеу қабілеті;

5) 500 Герц 55 децибелден аспайтын және жоғары жиіліктерде 75 децибелден аспайтын сүйек дыбысталу шегі кезінде ортаңғы құлақта операциялық емдеу жүргізілгеннен кейін немесе ортаңғы құлақтың даму аномалияларында кондуктивтік немесе аралас құлақ мүкістігінің болуы;

6) ауа өткізгіштігі бар есту аппаратын пайдалану тәжірибесі және оларды ұзақ уақыт киген кездегі қанағаттанбаушылық (сыртқы есту жолының туа біткен аномалиясы бар балалардан басқа);

7) 6 ай бойы есту функциясының тұрақтылығы;

8) 6 ай бойы ортаңғы құлақта қабыну процесінің өршуінің болмауы.

46. Сүйек өткізгіштігін импланттау жүйесімен естуді протездеуді жүргізу үшін мыналар медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады:

1) сүйек көлемінің жеткіліксіздігі және сүйек тінінің сапасының нашарлығы;

2) сүйек тінімен остеоинтеграцияға кедергі келтіретін немесе бұзатын аурулар (остеопороз және басқалар);

3) жараның қалыпты жазылуына кедергі келтіретін декомпенсацияланған аурулар (стрептодерма, қант диабеті және басқалар);

4) психикалық және өрескел неврологиялық бұзылулардың болуы (1 F00; F02; F03; F05; F10–F29; F63; F72–F73 қайта қараудың халықаралық аурулар жіктемесі бойынша кодтары бар жеке тұлғаның десоциализациясы бар психикалық аурулар);

5) сүйекті дыбыспен сүйемелдеу кезінде есту шегі 500 Герцке 55 децибелден астам, жоғары жиілікте 75 децибелден астам жоғарылаған құлақ мүкістігінің айқын білінетін сенсоневральді компоненті;

6) сөйлеу анықтығының төмен пайызы (65 дБ дыбыс қарқындылығы кезінде сөйлеу қабілеті 50% - дан аз);

7) спонтанды вестибулярлық бұзылулар (эндолимфатикалық гидропс, жарақаттан кейінгі лабиринтопатия, естудің экстралабиринттік бұзылуы, вертебробазиллярлы қан айналымының бұзылуы);

8) жіті немесе ауыр соматикалық патологияның болуы (тыныс алу жолдарының жіті аурулары, жіті инфекциялық аурулар, айқын гипотрофия, вакцинациядан кейінгі жағдай (10-14 күннен кем), анық емес сипаттағы гипертермия, жіті бүйрек жеткіліксіздігі, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі, дамудың ауыр декомпенсацияланған немесе субкомпенсацияланған туа біткен ақаулары, туберкулез, шок және коллапс, бауыр және бүйрек аурулары, гемоглобин деңгейі 80 г/л-ден төмен айқын анемия, әртүрлі этиологиядағы жайылған құрысулар, қатерлі ісіктер (III-IV кезеңдер) (10 қайта қараудың халықаралық аурулар жіктемесі), III дәрежеден жоғары тыныс алу функциясының жеткіліксіздігі, (10 қайта қараудың халықаралық аурулар жіктемесі) декомпенсация сатысындағы аурулар, түзетілмейтін метаболикалық аурулар, 2 және одан жоғары дәрежедегі ревматикалық процестің белсенділігі, гормондық терапияның болуы, терінің іріңді аурулары, терінің жұқпалы аурулары(қышыма, саңырауқұлақ аурулары және басқалары), қант диабеті, қан аурулары, ауыр аллергиялық және аутоиммундық аурулар;

9) ретрокохлеарлы патология.

47. Операция алдындағы тексеруді және көрсеткіштерді нақтылауды ортаңғы құлақты импланттау және (немесе) сүйек өткізгіштігі бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

48. Комиссияның құрамын ортаңғы құлақты импланттау және (немесе) сүйек өткізгіштігі бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекітеді.

49. Ортаңғы құлақты және (немесе) сүйек өткізгіштігін импланттау бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымының басшысы немесе оның клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары комиссия төрағасы болып тағайындалады.

50. Комиссия құрамына ортаңғы құлақты импланттау бойынша ЖТМК көрсететін, осы салада тиісті даярлығы мен біліктілігі бар денсаулық сақтау ұйымының мамандары : "оториноларингология (сурдология) (ересектер немесе балалар)", "оториноларингология (ересектер немесе балалар)", "педиатрия" немесе "терапия", "рентгенология", "анестезиология және реаниматология (ересектер немесе балалар)" мамандықтары бойынша дәрігерлер, сурдопедагог, психолог, логопед.

51. Ортаңғы құлақты импланттау немесе балаларға сүйек өткізу жүйелерімен есту қабілетін протездеу баланың ата-анасының немесе заңды өкілдерінің операциядан кейінгі есту-сөйлеуді оңалтуға қатысуға жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады.

52. Ортаңғы құлақты және (немесе) сүйек өткізгіштігін импланттау бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымында шешім шығарылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде нөмір беріліп және жазбаша хабарлама бере отырып, медициналық көмектің осы түріне жүгіну тәртібімен пациенттер қатарынан кезектілік тізімі құрылады.

53. Пациент одан әрі "Емдеуге жатқызу бюросы" порталында (бұдан әрі – Портал) тіркелу үшін бекітілген жері бойынша емханаға жіберіледі.

54. Пациент (егер пациент бала болса, онда оның ата-анасы немесе заңды өкілдері) операциядан жазбаша бас тартқан кезде кезектілік сақталмайды.

55. Операциялық емге дайындалып жатқан пациентте жіті қабыну процесі немесе басқа да салыстырмалы қарсы көрсетілімдер (жарақат, улану және басқалар) анықталған жағдайда, операция ақпараттық парақты ресімдей отырып, неғұрлым кешірек мерзімге ауыстырылады.

56. Ауру тарихынан үзіндіде имплантация жүйесінің, имплант пен аудио (сөйлеу) процессорының фирма-өндірушінің атауы көрсетіледі.

57. Операциядан кейін 8 аптадан кейін ортаңғы құлақты импланттау жүйесінің аудио- (сөйлеу) процессоры қосылады және амбулаториялық тәртіппен баптау сессиясы жүргізіледі.

58. Ортаңғы құлақты немесе сүйек өткізгіштігін импланттау жүйесін орнатқаннан кейінгі бірінші жылы аудио-(сөйлеу) процессорын баптау кемінде 4 рет, екінші жылы – кемінде 2 рет, келесі жылдары – кемінде жылына 1 рет жүргізіледі.

Ортаңғы құлақ және сүйек өткізгіштігі импланттарына арналған сөйлеу (аудио) процессорларын ауыстыру 5 жылда 1 рет жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.09.2025 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Пациенттер ортаңғы құлақты импланттау немесе сүйек өткізгіштігі жүйесімен естуді протездегеннен кейін аумақтық ПМПК арқылы жалпы немесе арнайы білім беру ұйымдарына түзету-дамыту көмегін алу үшін жіберіледі.

60. Баланың ата-аналары және (немесе) заңды өкілдері:

1) баланы сурдолог дәрігер мен сурдопедагогтың ұсынымдарына сәйкес имплантатталған жүйенің аудио - (сөйлеу) процессорын қосу және баптау рәсіміне дайындау;

2) баланың есту, түсіну және өз сөйлеуін дамыту үшін оңтайлы жағдайлармен қамтамасыз ету;

3) баланың аудио - (сөйлеу) процессорын тұрақты пайдалануы;

4) үйде сөйлеу ортасын құру;

5) жалпы немесе арнайы білім беру ұйымдарында арнайы ұйымдастырылған түзету-дамыту көмегін (оқуын) алу үшін тұрғылықты жері бойынша аумақтық ПМПК-ға бес күннің ішінде жүгіну;

6) имплантталатын жүйені пайдалану жөніндегі нұсқаулықты зерделеу;

7) кепілдікті және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарға уақтылы жүгіну;

8) өз қаражаты есебінен шығыс материалдарымен (батарейкалармен, магниттермен және өзгелермен) уақтылы қамтамасыз ету.

5-тарау. Кохлеарлық импланттау жүйесімен есту қабілетін протездеу

61. Кохлеарлық импланттау жүйесімен естуді протездеу бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына айғақтарды айқындау және жіберу оториноларингологиялық бейінді диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, сондай-ақ Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия ұсынған клиникалық нұсқаулықтарға сәйкес сурдологиялық орталықтың немесе бөлімшенің (кабинеттің) "оториноларингология (сурдология) (ересектер немесе балалар)" мамандығы бойынша дәрігерінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

62. Медицина ұйымында бейінді маман болмаған жағдайда ЖТМК көрсететін медицина ұйымдарына кохлеарлық импланттауға көрсетілімдерді нақтылау үшін жолдаманы педиатр дәрігер, терапевт, жалпы практика дәрігері немесе невропатолог береді.

63. Кохлеарлық импланттау жүйесімен естуді протездеу – мыналарды қамтитын іс-шаралар жүйесі:

1) медициналық кезең:

кохлеарлық импланттау үшін операция алдындағы тексеру және көрсеткіштерді нақтылау;

кохлеарлық импланттау бойынша хирургиялық операция жасау;

аудио - (сөйлеу) процессорын қосу және оңалтудың барлық кезеңінде оны одан әрі күйге келтіру;

2) педагогикалық кезең:

есту қабілеті бұзылған пациенттерге жалпы және арнайы білім беру ұйымдарында оның тұрғылықты жері бойынша аумақтық ПМПК арқылы немесе сурдологиялық кабинеттерде арнайы ұйымдастырылған түзету-дамытушылық оқыту.

64. Ересек тұрғындарға кохлеарлық импланттау жүргізу үшін медициналық көрсетілімдер:

1) екі жақты постлингвальды саңырау (10 жылдан астам);

2) IV дәрежелі екі жақты нейросенсорлық құлақ мүкістігі;

3) естуді протездеу тиімділігінің төмендігі (500-4000 Герц диапазонындағы еркін дыбыс өрісіндегі есту аппараттарындағы есту шектері 55 децибелден және одан да көп, көп буынды сөздердің анықтығы 40% – дан кем, бір буынды – 20% - дан кем, есту аппаратын тұрақты қолданғаннан кейін 6 айдан кейін тек сөйлемейтін дыбыстарға ғана есту реакциялары дамуының оң динамикасының болуы, есту аппаратын тұрақты пайдаланған жағдайда сөйлеу даму динамикасының болмауы);

4) басқа есту аппараттарымен немесе сүйек имплантымен өтелмеген, көмескі құлақта айқын тиннитус бар бір жақты нейросенсорлық құлақ мүкістігі.

65. Балаларға кохлеарлық импланттау жасау үшін медициналық көрсетілімдер:

1) IV дәрежелі екі жақты нейросенсорлық құлақ мүкістігі;

2) екі жақты саңыраулық;

3) есту қабілетін протездеудің тиімсіздігі немесе тиімділігі төмен болған жағдайда аудиторлық нейропатия;

4) есту аппараттарымен естуді протездеудің төмен тиімділігі (500-4000 Гц диапазонындағы еркін дыбыс өрісіндегі есту аппаратындағы есту шектері 55 децибелден және одан жоғары; көп буынды сөздердің анықтығы 40% – дан кем, бір буынды сөздердің анықтығы-20% - дан кем; 6 айдан кейін тек сөйлемейтін дыбыстарға ғана есту реакциялары дамуының оң динамикасының болуы; сөйлеу даму динамикасының болмауы, оны тұрақты пайдалану).

66. Балалар мен ересектерге кохлеарлық импланттау жүргізу үшін медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады:

1) аудиторлық нейропатиядан басқа, ретрокохлеарлық патология;

2) электродтар тізбегін енгізу мүмкіндігі болмаған жағдайда ұлулардың толық немесе маңызды оссификациясы;

3) жіті немесе ауыр соматикалық патологияның болуы (тыныс алу жолдарының жіті аурулары, жіті инфекциялық аурулар, айқын гипотрофия, вакцинациядан кейінгі жағдай (10-14 күннен кем), анық емес сипаттағы гипертермия, жіті бүйрек жеткіліксіздігі, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі, ауыр декомпенсацияланған немесе субкомпенсацияланған туа біткен даму ақаулары, туберкулез, шок және коллапс, бауыр және бүйрек аурулары, гемоглобин деңгейі 80 г/л-ден төмен айқын анемия, әртүрлі этиологиядағы жайылған құрысулар, қатерлі ісіктер (III-IV), III дәрежелі тыныс алу функциясының жеткіліксіздігі, декомпенсация сатысындағы аурулар, түзетілмейтін метаболикалық аурулар, 2 дәрежелі және одан жоғары ревматикалық процестің белсенділігі, гормондық терапияның болуы, терінің іріңді аурулары, терінің жұқпалы аурулары (қышыма, саңырауқұлақ аурулары және басқалар);

4) психикалық және өрескел неврологиялық бұзылулардың болуы (эпилепсия, эпилептикалық дайындық, АХЖ 10 кодтары бар жеке тұлғаның десоциализациясы бар психикалық аурулар f00, F02, F03, F05, F10 – 29, F63, F72 – F73 қайта қарау).

67. Пациенттерге КИ операциясын жасау үшін сурдопедагогикалық көрсеткіштер мыналар болып табылады:

Екі жасқа дейінгі балаларға:

1) кемінде 3 метр қашықтықта төмен жиілікті, орташа жиілікті және жоғары жиілікті сөйлемейтін дыбыстарға еріксіз сөзсіз бағдарлы реакциялардың болуы немесе олардың болмауы;

Екі жастан асқан балаларға:

2) кемінде 3 метр қашықтықта төмен -, орта – және жоғары жиілікті сөйлемейтін дыбыстарға (барабан, дудка, ысқырық немесе қоңырау) шартты-рефлекторлық қозғалыс реакциясының (бұдан әрі - СДБ) болуы;

3) 1 метрден аспайтын қашықтықтағы төмен жиілікті ([У-У-У]), орташа жиілікті ([ПА-ПА-Па]), жоғары жиілікті ([З] және [И-И-И]) диапазондардағы УДР көмегімен сөйлеу дыбыстарын қабылдау;

4) ауызекі дауыста, ол болмаған кезде – жоғары дыбыс дауысында УДР болуы.

5) есту аппараттарындағы есту қабілетінің жай-күйі:

ауызша сөйлейтін балалар үшін тізімдегі көп буынды сөздердің есту аппараттарындағы сөйлеу қабілеті – 40% - дан аз, бір буынды сөздер-жабық немесе ашық таңдау кезінде 20% - дан аз;

6) арнайы ұйымдастырылған түзету-дамыту көмегі жағдайында алты ай бойы есту аппаратын тұрақты пайдалану жағдайында сөйлеу емес дыбыстарға ғана есту реакциялары дамуының оң динамикасының болуы, сөйлеу даму динамикасының болмауы.

68. Операция алдындағы тексеруді және айғақтарды нақтылауды кохлеарлық импланттау жүйесімен есту протездеу бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

69. Комиссия құрамын кохлеарлық импланттау жүйесімен есту қабілетін протездеу бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекітеді.

70. Кохлеарлық импланттау жүйесімен есту қабілетін протездеу ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымының басшысы немесе оның клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары Комиссия төрағасы болып тағайындалады.

71. Комиссия құрамына осы салада тиісті даярлығы мен біліктілігі бар кохлеарлық импланттау жүйесімен есту қабілетін протездеу бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымының мамандары: "оториноларингология (сурдология) (ересектер немесе балалар)", "оториноларингология (ересектер немесе балалар)", "невропатология (ересектер немесе балалар)", "педиатрия" немесе "терапия", "рентгенология", "анестезиология және реаниматология (ересектер немесе балалар)" мамандықтары бойынша дәрігерлер, сурдопедагог, психолог, логопед кіреді.

72. Кохлеарлық импланттауға көрсеткіштерді нақтылау жүргізілген аудиологиялық, рентгенологиялық, сурдопедагогикалық, логопедтік, психиатриялық, жалпы және арнайы клиникалық тексерулер негізінде және есту протездеу кабинетінің қорытындысы және пациенттің және оның жақындарының операциядан кейінгі оңалтуға әлеуметтік-психологиялық дайындығы туралы қорытындысының болуы ескеріле отырып жүргізіледі.

73. Кохлеарлық импланттау операциясына көрсетілімдерді айқындау кезінде сурдологиялық кабинеттің "оториноларингология (сурдология) (ересектер немесе

балалар)" мамандығы бойынша дәрігер пациенттерді ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді

кохлеарлық импланттау жүйесімен естуді протездеу бойынша, жедел емдеуге көрсетілімдерді нақтылау үшін.

74. Аудиологиялық зерртеп-қарау:

- 1) есту қабілетінің бұзылу түрін және оның төмендеу дәрежесін айқындау;
- 2) есту жүйкесінің сақталуын бағалау;
- 3) есту аппараттарымен естуді протездеу тиімділігін бағалау үшін жүргізіледі.

75. Пациентті кохлеарлық импланттауға аудиологиялық тексеру үшін мыналар жүргізіледі:

1) анамнез жинау және отологиялық қарап-тексеру;

2) ортаңғы құлақтың жағдайын бағалау мақсатында тимпанометрия. Тимпанометрия деректері бойынша КИ операциясын жасау үшін "А", "Ah", "С", "Ad", "D" немесе "Е" тимпанограммасының түрі көрсетілім болып табылады. Науқаста құлақ перфорациясы болған жағдайда – "в" типі";

3) құлақ мүкістігінің немесе саңыраудың жоғары дәрежесін растау, сондай-ақ ұлу және ретрокохлеарлық саңырауды саралау мақсатында акустикалық рефлексометрия. Акустикалық рефлексометрия деректері бойынша кохлеарлық импланттау операциясын жасау үшін екі жағынан акустикалық рефлекссті тіркеудің болмауы көрсетілім болып табылады;

4) Корти ағзасы жасушаларының ықтимал сақталуын болдырмау мақсатында туындаған отоакустикалық эмиссияны тіркеу.

Туындаған отоакустикалық эмиссия деректері бойынша кохлеарлық импланттау жасау үшін көрсеткіш екі жақтан "тіркелмеген" зерттеу нәтижесі болып табылады. Аудиторлық нейропатия жағдайында зерттеу нәтижесі "тіркелуі" мүмкін;

5) құлақ мүкістігінің немесе саңыраулықтың жоғары дәрежесін растау, сондай-ақ ұлу және ретрокохлеарлық патологияны саралау мақсатында туындаған қысқа патенттелген есту әлеуетін тіркеу.

Қысқа патенттелген есту қабілеті туындатқан потенциалдар деректері бойынша кохлеарлық импланттау операциясын жасау үшін екі жағынан 80 децибелге және одан да көп v шыңның визуалды детекциясының болмауы көрсетілім болып табылады;

6) есту сезімталдығының шегін объективтеу мақсатында балаларға жиіліктік-модуляцияланған тонға стационарлық туындаған есту әлеуетін тіркеу.

Жиілік-модуляцияланған тонға стационарлық шақырылған әлеуеттерді тіркеу деректері бойынша кохлеарлық импланттау операциясын жасау үшін мыналар көрсетілім болып табылады: естудің екі жақты ауыр бұзылуы (орташа жоғалту 71-90 децибел), екі жақты керендік (орташа жоғалту 91 децибел және одан астам);

7) 500, 1000, 2000 және 4000 Герц жиіліктерінде есту арқылы қабылдау шектерінің орташа мәндерін анықтау мақсатында алты жастан және одан асқан пациенттерге тональды шекті аудиометрия.

Тондық аудиометрия деректері бойынша кохлеарлық импланттау операциясын жүргізу үшін айғақ естудің ауыр екі жақты ауыр бұзылуы (орташа жоғалту 71 – 90 децибел), екі жақты керемдік (орташа жоғалту 91 децибел және одан жоғары);

8) есту аппараттарымен есту протез алуының тиімділігі мен барабарлығын бағалау мақсатында нақты құлақта өлшеу әдісімен шығу сигналын өлшегеннен кейін алты жастан және одан асқан пациенттерге есту аппараты бар еркін дыбыс алаңындағы тональды шекті аудиометрия.

Кохлеарлық импланттау операциясын жүргізу үшін 500 және 4000 Герц жиіліктерінде 55 децибелден асатын еркін дыбыс өрісінде есту арқылы қабылдау шектерінің болуы көрсетілім болып табылады;

9) есту аппараттарымен естуді протездеудің тиімділігі мен барабарлығын бағалау мақсатында нақты құлақта өлшеу әдісімен шығу сигналын өлшегеннен кейін алты жастан және одан асқан пациенттерге есту аппараттарымен сөйлеу аудиометриясы.

Есту аппараттарымен сөйлеу аудиометриясының деректері бойынша кохлеарлық импланттау операциясын жасау үшін ашық таңдаудағы көп буынды сөздердің 40%-дан азын тану көрсетілім болып табылады.

76. Рентгенологиялық тексеру (сүйек пирамидаларының компьютерлік томографиясы) міндеті ұлулардың өткізгіштігін және ішкі құлақ құрылымдарының жағдайын бағалау үшін жүргізіледі.

Рентген зерттеп-қарау деректері бойынша кохлеарлық импланттау операциясын жасау үшін кохлеовестибулярлық патологияның, импланттау жасауға кедергі келтіретін ұлулардың саңылауының елеулі обструкциясының, сондай-ақ ретрокохлеарлық патологияның болмауы көрсетілім болып табылады.

77. Сурдопедагогикалық тексеру (кеш саңырау болған және ерте саңырау болған) есту қабілетінің жоғалуы уақытын анықтау үшін жүргізіледі.

Кеш саңырау болған балалар мен ересектерді (постлингвальды) тексеруге мыналар кіреді:

- 1) есту аппаратымен және онсыз есту қабылдауын бағалау;
- 2) еріннен оқу және сөйлеуді есту-көру арқылы қабылдау дағдыларын бағалау;
- 3) ауызша сөйлеу жағдайын бағалау;
- 4) оқу және жазу дағдыларын бағалау (балаларда, жасөспірімдерде);

5) есту арқылы қабылдау және сөйлеуді дамыту үшін кохлеарлық импланттау жүйесін пайдалану перспективасын бағалау;

6) пациентте және оның жақындарында кохлеарлық импланттау операциясының нәтижелерін күтудің барабарлығын бағалау.

Ерте саңырау болған (долингвальды) балалар мен ересектерді тексеруге мыналар кіреді:

1) есту аппаратының көмегімен және онсыз қалдық есту қабілетінің қалыптасуын бағалау;

2) ауызша сөйлеу жағдайын бағалау (ерте жастағы балалар үшін - сөйлеу алдындағы вокализацияның қалыптасуы);

3) тілдік жүйені бағалау және оқу дағдыларын қалыптастыру;

4) қарым-қатынас дағдылары мен қарым-қатынас тәсілдерін бағалау;

5) еріннен оқу дағдысының қалыптасуын бағалау;

6) танымдық дағдыларды бағалау;

7) эмоциялық-ерік саласының қалыптасуын бағалау;

8) сөйлеудің дамуына әсер ететін ілеспе бұзылулардың болуын бағалау (психикалық дамудың тежелуі, ерекше сөйлеу бұзылыстары, зейін мен есте сақтау қабілетінің бұзылуы);

9) есту қабілеті бұзылған баланың әртүрлі дағдыларын дамыту бойынша ата-аналардың тәжірибесінің болуын бағалау;

10) есту арқылы қабылдау және сөйлеуді дамыту үшін кохлеарлық импланттау жүйесін пайдалану перспективасын бағалау;

11) пациентте және оның жақындарында кохлеарлық импланттау бойынша операция нәтижелерін күтудің барабарлығын бағалау.

Кохлеарлық импланттауға сурдопедагогикалық көрсетілімдердің болуы немесе болмауы туралы қорытынды сурдопедагогикалық зерттеп-қараудың қорытындысы болып табылады.

78. Логопедиялық тексеру мыналарды бағалауды қамтиды:

1) ерте жастағы балалардың сөйлеу алдындағы дамуы - дауыстық белсенділік, вокализация (гуілдеу, былдырлау, былдыр сөздер, дыбысқа еліктеу);

2) сөйлеуді түсіну жағдайы: нөлдік, ахуалдық, номинативті, предикативті, бөлшектенген түсіну деңгейлері;

3) сөйлеудің барлық жақтарының даму деңгейі: артикуляциялық аппарат, дыбысты айту және буын құрылымы, сөздік, грамматикалық құрылым, фразалық сөйлеу.

Сөйлеу бұзылысының сипаты мен дәрежесі туралы қорытынды (сөйлеу диагнозы) логопедиялық тексерудің нәтижесі болып табылады.

79. Психологиялық тексеру мыналарды бағалауды қамтиды:

1) танымдық іс-әрекеттің даму деңгейі: ойлау, зейін, есте сақтау, ақыл-ой қабілеті;

2) әлеуетті зияткерлік мүмкіндіктер, оқу қабілеті;

3) коммуникативтік қызметті, қарым-қатынас дағдылары мен тәсілдерін дамыту деңгейін;

4) эмоционалды-ерікті сала мен мінез-құлық ерекшеліктері;

5) пациенттің және оның жақындарының жүйелі және ұзақ есту-сөйлеу жұмысына психологиялық дайындығы және уәждемесі;

6) пациентте және оның жақындарында кохлеарлық импланттау операциясы нәтижелерін күтудің барабарлығы.

Пациенттің психикалық даму деңгейі, пациенттің, балалардың ата-аналарының ұзақ есту-сөйлеу жұмысына уәждемелік дайындығы туралы қорытынды психологиялық тексерудің қорытындысы болып табылады.

80. Жалпы және арнайы клиникалық зерттеулер:

1) пациенттің соматикалық жай-күйін;

2) пациенттің психологиялық-неврологиялық жай-күйін бағалау үшін жүргізіледі.

81. Жалпы және арнайы клиникалық зерттеулер мыналарды қамтиды:

1) "оториноларингология (ересектер немесе балалар)" мамандығы бойынша дәрігердің консультациясы";

2) "педиатрия" немесе "терапия" мамандығы бойынша дәрігердің консультациясы";

3) "анестезиология және реаниматология (ересектер немесе балалар)" мамандығы бойынша дәрігердің консультациясы";

4) "невропатология (ересектер немесе балалар)" мамандығы бойынша дәрігердің консультациясы";

5) электроэнцефалография;

6) "балалар психиатриясы" (үш жастан асқан балаларға) немесе "психиатрия" мамандығы бойынша дәрігердің консультациясы.

Медициналық көрсеткіштер бойынша бұл тізбе кеңейеді.

82. Балаларға кохлеарлық импланттау бойынша жасалатын операция баланың ата-анасының немесе заңды өкілдерінің операциядан кейінгі есту-сөйлеуді оңалтуға қатысуға жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады.

83. Пациентте кохлеарлық импланттауға кандидат анамнезінде бастан өткерген нейроинфекцияны (серозды немесе іріңді менингит), не басқа себеп бойынша ұлуларды оссификациялаудың компьютерлік немесе магнитті-резонансты томография әдісімен расталған жағдайда операциялық емдеу кезектен тыс жүргізіледі.

84. Пациентте кохлеарлық импланттауға кандидат анамнезінде бастан өткерген нейроинфекция (серозды немесе іріңді менингит), не басқа себеп бойынша ұлуларды оссификациялаудың компьютерлік немесе магнитті-резонансты томография әдісімен расталған жағдайда, операциялық емдеу екі құлаққа да осындай мүмкіндік болған кезде бір уақытта жүргізіледі.

85. Кохлеарлық импланттау жүйесімен естуді протездеу бойынша ЖТМК көрсететін денсаулық сақтау ұйымында шешім шығарылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде нөмір бере отыра және жазбаша хабарлама бере отырып, медициналық көмектің осы түріне жүгіну тәртібімен пациенттер қатарынан кезектілік тізімі қалыптастырылады.

86. Көрсетілімдер расталған кезде пациент "Емдеуге жатқызу бюросы" порталында тіркелу үшін бекітілген жері бойынша емханаға жіберіледі.

87. Пациент (егер пациент бала болса, онда оның ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері) операциядан жазбаша бас тартқан кезде кезектілік сақталмайды.

88. Кохлеарлық импланттауға дайындалып жатқан пациентте жіті қабыну процесі немесе басқа да салыстырмалы қарсы көрсетілімдер (жарақат, улану және басқалар) анықталған жағдайда ақпараттық парақты ресімдей отырып, операция неғұрлым кешірек мерзімге ауыстырылады.

89. Пациентке берілетін ауру тарихынан үзіндіде операция күні, құлағы, имплантация жүйесінің, имплант пен аудио (сөйлеу) процессорының фирма-өндірушінің атауы көрсетіледі.

90. Операциядан кейін 4 аптадан кейін кохлеарлық импланттау жүйесінің аудио- (сөйлеу) процессоры, баптау сессиясы қосылады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кохлеарлық импланттаудан кейін пациенттің төлқұжаты беріледі.

91. Импланттаудан кейін пациенттің төлқұжаты ата-анасына беріледі және мамандар қызметтерінің бейініне (баптаудан кейін, педагогтардың сабағынан кейін, аудио (сөйлеу) процессорын ауыстырғаннан немесе жөндегеннен кейін) сәйкес толтырады.

92. Кохлеарлық импланттау жүйесін орнатқаннан кейінгі бірінші жылы аудио- (сөйлеу) процессорын баптау кемінде 4 рет, екінші жылы – кемінде 2 рет, келесі жылдары – пациент үшін қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

93. Пациенттер кохлеарлық импланттау жүйесімен естуді протездегеннен кейін тұрғылықты жері бойынша аумақтық ПМПК арқылы жалпы және арнайы білім беру ұйымдарына арнайы ұйымдастырылған түзету психологиялық-педагогикалық жұмысын (түзету-дамыту көмегін) (оқыту) алу үшін жіберіледі.

94. Баланың ата-аналары және (немесе) заңды өкілдері:

1) сурдолог дәрігер мен сурдопедагогтың ұсынымдарына сәйкес баланы кохлеарлық импланттау жүйесінің аудио- (сөйлеу) процессорын қосу және күйге келтіру рәсіміне дайындау;

2) баланы есту, түсіну және өз сөйлеуін дамыту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету;

3) баланың аудио - (сөйлеу) процессорын тұрақты пайдалануын қамтамасыз ету;

4) үйде сөйлеу ортасын құру;

5) жалпы және арнайы білім беру ұйымдарында арнайы ұйымдастырылған түзету психологиялық-педагогикалық жұмысын (түзету-дамыту көмегін) (оқытуды) алу үшін тұрғылықты жері бойынша аумақтық ПМПК-ға дереу жүгіну;

6) кохлеарлық импланттау жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып үйрену;

7) кепілдікті және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарға уақтылы жүгіну;

8) өз қаражаты есебінен шығыс материалдарымен (батарейкалармен, магниттермен және өзгелермен) уақтылы қамтамасыз ету;

9) кохлеарлық импланттаудан кейін аудио (сөйлеу) процессоры баптауда, сабақтарда, аудио (сөйлеу) процессорын ауыстыру немесе жөндеу кезінде толтыру үшін пациенттің төлқұжатын мамандарға уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

6-тарау. Түзету-дамытушылық оқыту

95. Естуді протездеуден кейін есту қабілеті бұзылған балалардың білім беру маршрутының түрі мен типін анықтауды тұрғылықты жері бойынша ПМПК жүзеге асырады.

Есту протездеуден кейін есту қабілеті бұзылған балалардың білім беру бағытын анықтауды тұрғылықты мекен жайы бойынша ПМПК жүзеге асырады.

96. Білім беру ұйымдарының мамандары, баланың заңды өкілдері есту протезін жасағаннан кейін балаларға олардың білім беру ұйымында, сонымен қатар ұйқы мен шомылудан басқа уақытта, үйде болған барлық уақытта СА, аудио - (сөйлеу) процессорын тұрақты пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының халқына
сурдологиялық көмек көрсету
қағидаларына
1-қосымша

Сурдологиялық орталық немесе бөлімшені (кабинетті) жарақтандыруға арналған жабдық

№	Функционалдық блоктың атауы және жинақтау	Саны
Есту функциясын зерттеуге арналған жабдық		
1.	Тональды шекті аудиометрияны, пациенттер туралы деректер банкін құруға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар ойын аудиометриясын жүргізуге арналған диагностикалық аудиометр	2
2.	Тональды шекті және жолдан тыс аудиометрияны, жоғары жиілікті аудиометрияны, еркін дыбыс өрісіндегі аудиометрияны, сөйлеу аудиометриясын, педиатриялық тестіні жүргізуге арналған, колонкалар жиынтығы және пациенттер туралы деректер банкін құруға арналған	2

	бағдарламалық қамтамасыз етуі бар клиникалық аудиометр	
3.	Импедансометрия жүргізуге арналған ортаңғы құлақ талдағышы	2
4.	Отоакустикалық эмиссияны тіркеу модулі мен жиілік-модуляцияланған тонға (ASSR) есту потенциалдарын (қысқа патенттелген есту потенциалдарын) және есту потенциалдарын тіркеу жүйесі	2
5.	Отоакустикалық эмиссияны тіркеу құрылғысы немесе аппараты немесе жүйесі (TEOAE, DPOAE)	2
6.	Отоакустикалық эмиссияны (TEOAE, DPOAE) және есту қабілеті туындаған әлеуетті (қысқа патенттелген есту қабілеті туындаған әлеуетті) тіркеу әдісімен есту скринингіне арналған құрылғы немесе аппарат)	2
7.	Вестибулометрияны жүргізуге арналған жүйе (бейнонистагмография немесе электронистагмография)	1
8.	Импульстік тест жүргізуге арналған жабдық (құрылғы)	1
9.	Есту аппараттарының анализаторы (есту аппараттарының шығу деңгейін немесе RECD тексеруге арналған 2сс камера)	1
10.	Кохлеарлық имплантация жүйелерінің аудио- (сөйлеу) процессорларын, ортаңғы құлақты имплантациялау жүйелерін, сүйек өткізгіштігін күйге келтіруге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар бағдарламашылар	әр дәрігерге әр өндіруші фирмадан 1 данадан
11.	Әр түрлі есту аппараттарын өндірушілердің бағдарламалық жасақтамасы бар есту аппараттарын баптауға арналған бағдарламашы	1
12.	Принтері бар стационарлық компьютер (монитор, пернетақта, компьютер тінтуірі)	2
13.	Ноутбук	1

Естуді протездеу кабинетіне арналған жабдық		
1.	Тональды шекті аудиометрияны, еркін дыбыс өрісіндегі аудиометрияны, пациенттер туралы деректер банкін құруға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар сөйлеу аудиометриясын жүргізуге арналған клиникалық немесе диагностикалық аудиометр	1
2.	Әр түрлі есту аппараттарын өндірушілердің бағдарламалық жасақтамасы бар есту аппараттарын таңдауға және күйге келтіруге арналған жүйе	1
3.	Есту аппараттарының анализаторы (есту аппараттарының шығу деңгейін немесе RECD тексеруге арналған 2сс камера)	1
4.	Кохлеарлық имплантация жүйелерінің аудио (сөйлеу) процессорларын, ортаңғы құлақ жүйелерін, сүйек өткізгіштігін теңшеу үшін өндіруші фирмалардан бағдарламалық қамтамасыз етуі бар бағдарламашылар	әрбір өндіруші фирмадан 1 данадан
5.	Әр түрлі есту аппараттарын өндірушілердің бағдарламалық жасақтамасы бар есту аппараттарын баптауға арналған бағдарламашы	1
6.	Принтері бар стационарлық компьютер (монитор, пернетақта, компьютер тінтуірі)	2
7.	Ноутбук	1
8.	Бейнетоскоп	1
9.	Отоскоп	1
Құрал-саймандар		
1.	Жалпы дәрігерлік жиынтық	1
2.	Оториноларингологтың құралдар жинағы	1
3.	Бейнетоскоп	1
4.	Отоскоп	1
5.	Стационарлық бактерицидті сәулелендіргіш	1
6.	Стерильді құрал-саймандарды сақтауға арналған камера	1

Сурдопедагог кабинетіне арналған жабдық		
1.	Тумбасы бар компьютерге арналған үстел	1
2.	Жартылай жұмсақ орындық	2
3.	Шкаф	2
4.	Магнитті және тығынды тақта	1
5.	Жүйелік блок, монитор, акустикалық жүйе, телефон-микрофон гарнитурасы, желілік сүзгі, үздіксіз қоректендіру көзі, көп функциялы құрылғы, пернетақта, "тышқан" манипуляторы, модем	1
6.	Балалар үстелі	2
7.	Балалар орындығы	4
8.	Ортопедиялық орындық (көлемі-бойы 90 см-ден 115 см-ге дейін)	1
9.	Ортопедиялық орындық (көлемі-бойы 115 см-ден 160 см-ге дейін)	1
10.	Кілем	1
11.	Есту қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруге арналған жиынтық	1
12.	Музыкалық ойыншық	2
13.	Дыбыстық ойыншық	2
14.	Дыбыстық сигналға қозғалыс реакциясын пысықтауға арналған ойыншықтар жиынтығы	2
15.	Тақырыптық суреттер жиынтығы	2
16.	Есту-сөйлеу қабілетін дамытуға және жеке есту-сөйлеу реабилитациясына арналған дыбысты айтуды қалыптастыруға арналған есту-сөйлеу тренажері	1
17.	С ө й л е у д і ң дыбыстық-айтылымдық және лексикалық-грамматикалық жағын дамытуға арналған дербес компьютер базасындағы Тренажер	1
18.	Қарапайым сөйлеу коммуникациясын игеруге және дамытуға арналған сөйлеу тренажері	2
19.	Ауызша сөйлеу бұзылыстарын түзетуге арналған мультимедиялық кешен	1

20.	Компьютерлік түзету-дамыту ойындары мен бағдарламалар жиынтығы	1
21.	Есту аппараттарын пайдаланатын оқушылар және кохлеарлық импланттары бар оқушылар ретінде есту-сөйлеу оңалтуының сапасын қамтамасыз етуге арналған сымсыз оқу сыныбы	1
22.	Жеке FM жүйесі	2
23.	Индукциялық цикл	1
24.	Лексикалық тақырыптар бойынша үстел ойыны немесе ойыншық	30
25.	Көрнекі-дидактикалық материал	30
26.	Тактильді-дамытушы үстел панельдері	10
27.	Тактильді-дамытушы қабырға панельдері	10
28.	Интерактивті дыбыстық панельдер	4
29.	Музыкалық аспаптар панелі	1
30.	Музыкалық ойын үстелі	1
31.	Логопедиялық шпатель	5
32.	Қойылымдық логопедтік зондтар (жиынтық)	2
33.	Логопедиялық массаж зондтары (жинақ)	2
34.	Қосалқы логопедтік зондтар (жиынтық)	2
35.	Стерилизатор немесе зондтарды дезинфекциялауға арналған ыдыс	1
36.	Әдістемелік әдебиеттер	1
Логопед кабинетіне арналған жабдық		
1.	Төсек үстелі бар компьютерге арналған үстел	1
2.	Жартылай жұмсақ орындық	2
3.	Шкаф	2
4.	Магнитті немесе тығынды тақта	1
5.	Жүйелік блок, монитор, акустикалық жүйе, телефон-микрофон гарнитурасы, желілік сүзгі, үздіксіз коректендіру көзі, көп функциялы құрылғы, Пернетақта, "Тышқан" манипуляторы, модем	1
6.	Балалар үстелі	2
7.	Балалар орындығы	4

8.	Кілем	1
9.	Ортопедиялық орындық (көлемі-бойы 90 см-ден 115 см-ге дейін)	1
10.	Ортопедиялық орындық (көлемі-бойы 115 см-ден 160 см-ге дейін)	1
11.	Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған реттелетін массаж кушеткасы	1
12.	Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған үстел-парта	1
13.	Айнасы бар логопедиялық үстел-үстел	1
14.	Топтық логопедиялық сабақтарға арналған қабырға айнасы	1
15.	Жеке логопедиялық сабақтарға арналған айна	4
16.	Ауырлатқыштар (салмағы бойынша 500 гр., 1 кг., 2 кг.)	3
17.	Логопедиялық шпатель	5
18.	Қойылымдық логопедтік зондтар (жиынтық)	2
19.	Логопедиялық массаж зондтары (жинақ)	2
20.	Қосалқы логопедтік зондтар (жиынтық)	2
21.	Стерилизатор немесе зондтарды дезинфекциялауға арналған ыдыс	1
22.	Музыкалық орталық	1
23.	Ауызша сөйлеу бұзылыстарын түзетуге арналған мультимедиялық кешен	1
24.	Компьютерлік түзету-дамыту ойындары мен бағдарламалар жиынтығы	1
25.	Дербес компьютер базасындағы тренажер (сөйлеудің дыбыстық-айтылымдық және лексика-грамматикалық жағын дамыту үшін)	1
26.	Қарапайым сөйлеу коммуникациясын игеруге және дамытуға арналған сөйлеу тренажері	2
27.	Лексикалық тақырыптар бойынша үстел ойыны немесе ойыншық	20
28.	Көрнекі-дидактикалық материал	30

29.	Тактильдi-дамытушы үстел панельдерi	10
30.	Тактильдi-дамытушы қабырға панельдерi	10
31.	Қабырғалық бактерицидті сәулелендіргіш	1
32.	Әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдары	1
Психолог кабинетіне арналған жабдық		
1.	Төсек үстелі бар компьютерге арналған үстел	1
2.	Жартылай жұмсақ орындық	1
3.	Шкаф	1
4.	Магнитті немесе тығынды тақта	1
5.	Жүйелік блок, монитор, акустикалық жүйе, телефон-микрофон гарнитурасы, желілік сүзгі, үздіксіз қоректендіру көзі, көп функциялы құрылғы, Пернетақта, "тышқан" манипуляторы, модем	1
6.	Балалар үстелі	1
7.	Балалар орындығы	1
8.	Ортопедиялық орындық (көлемі-бойы 90 см-ден 115 см-ге дейін)	1
9.	Ортопедиялық орындық (көлемі-бойы 115 см-ден 160 см-ге дейін)	1
10.	Диван	1
11.	Жұмсақ Осман	1
12.	Кілем	1
13.	Қабырға айнасы	1
14.	DVD ойнатқышы	1
15.	Қабырғалық бактерицидті сәулелендіргіш	1
16.	Есту қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруге арналған жиынтық	1
17.	Ойын әрекетін дамытуға арналған үстел ойыны немесе ойыншық	1
18.	Ынталандырушы көрнекі-дидактикалық материал	1
19.	Рельефті ынталандырушы көрнекі-дидактикалық материал	1
	Қарапайым сөйлеу коммуникациясын игеруге және	

20.	дамытуға арналған сөйлеу тренажері	1
21.	Әдістемелік әдебиеттер	1
Фонопедагог кабинетіне арналған жабдық		
1.	Төсек үстелі бар компьютерге арналған үстел	1
2.	Жартылай жұмсақ орындық	2
3.	Шкаф	2
4.	Магнитті немесе тығынды такта	1
5.	Жүйелік блок, монитор, акустикалық жүйе, телефон-микрофон гарнитурасы, желілік сүзгі, үздіксіз қоректендіру көзі, көп функциялы құрылғы, пернетақта, "Тінтуір" манипуляторы, модем	1
6.	Балалар үстелі	2
7.	Балалар орындығы	4
8.	Кілем	1
9.	Ортопедиялық орындық (көлемі-бойы 90 см-ден 115 см-ге дейін)	1
10.	Ортопедиялық орындық (көлемі-бойы 115 см-ден 160 см-ге дейін)	1
11.	Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған үстел-парта	1
12.	Айнасы бар логопедиялық үстел-үстел	1
13.	Топтық сабақтарға арналған қабырға айнасы	1
14.	Жеке іс-шараларға арналған айна	4
15.	Музыкалық орталық	1
16.	Пианино немесе фортепиано	1
17.	Ауызша сөйлеу бұзылыстарын түзетуге арналған мультимедиялық кешен	1
18.	Компьютерлік түзету-дамыту ойындары мен бағдарламалар жиынтығы	1
19.	Қарапайым сөйлеу коммуникациясын игеруге және дамытуға арналған сөйлеу тренажері	2
20.	Лексикалық тақырыптар бойынша үстел ойыны немесе ойыншық	20
21.	Көрнекі-дидактикалық материал	30

22.	Тактильді-дамытушы үстел панельдері	10
23.	Тактильді-дамытушы қабырға панельдері	10
24.	Интерактивті дыбыстық панельдер	4
25.	Музыкалық аспаптар панелі	1
26.	Музыкалық ойын үстелі	1
27.	Қабырғалық бактерицидті сәулелендіргіш	1
28.	Әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдары	1

Қазақстан Республикасының
халқына
сурдологиялық көмек көрсету
қағидаларына
2-қосымша

Сурдологиялық орталықтар мен бөлімшелердің (кабинеттердің) штаттары мен штат нормативтері

№	Лауазымы	Мөлшерлемесі *
1.	сурдологиялық орталықтың/бөлімшенің (кабинеттің) меңгерушісі, сурдолог дәрігер	1,0
2.	балалар үшін сурдолог дәрігер	1,0
3.	ересек тұрғындарға арналған сурдолог дәрігер	1,0
4.	логопед	1,0
5.	фонопедагог	1,0
6.	психолог	
7.	сурдопедагог	1,0
8.	есту протезі (акустик)	1,0
9.	мейіргер (ересек қабылдауы)	1,0
10.	мейіргер (балалар қабылдауы)	1,0
11.	тазалықшы	1,0
12.	Тіркеуші	1,0

* Мөлшерлемелер саны ұлғаю жағына қарай өзгеруі мүмкін

Естуді протездеу кабинеттерінің штаттары мен штат нормативтері

№	Лауазымы	мөлшерлемесі*
1.	кабинет меңгерушісі, сурдолог-дәрігер	1,0
2.	сурдопедагог	1,0
3.	есту протезі (акустик)	1,0

4.	құлақішілік есту аппараттарын, жеке құлақ астарларын жасау технигі	1,0
5.	мейіргер	1,0
6.	тазалықшы	1,0
7.	тіркеуші	1,0

* мөлшерлемелер саны ұлғаю жағына қарай өзгеруі мүмкін

Қазақстан Республикасының
халқына
сурдологиялық көмек көрсету
қағидаларына
3-қосымша

Сурдологиялық орталық пен бөлімшені (кабинет) ұйымдастыруға арналған үй-жайлар

- 1) пациенттерді қабылдауды күтуге арналған холл;
- 2) тіркеу орны;
- 3) меңгерушінің кабинеті;
- 4) сурдолог дәрігердің кабинеті;
- 5) тональды және ойын аудиометриясын жүргізуге арналған кабинет;
- 6) сөйлеу аудиометриясын, аудиометрияны еркін дыбыс алаңында жүргізуге және есту аппаратының жұмыс режимін нақтылауға арналған кабинет;
- 7) функционалдық диагностика кабинеті (импедансометрия, есту қабілетінен туындаған әлеуетті, отоакустикалық эмиссияны тіркеу, вестибулометрия);
- 8) кохлеарлық импланттау жүйелерінің аудио- (сөйлеу) процессорларын баптауға арналған кабинет;
- 9) сурдопедагог кабинеті;
- 10) логопед кабинеті;
- 11) психолог кабинеті;
- 12) тұрмыстық бөлме.

Есту протездеу кабинеттеріне арналған үй-жайлар

- 1) пациенттерді қабылдауды күтуге арналған холл;
- 2) тіркеу орны;
- 3) меңгерушінің, сурдолог дәрігердің кабинеті;
- 4) тональды және ойын аудиометриясын жүргізуге арналған кабинет; еркін дыбыс алаңында сөйлеу аудиометриясын, аудиометрияны жүргізуге арналған кабинет;
- 5) Есту аппаратының жұмыс режимін таңдауға, күйге келтіруге және нақтылауға, импланттау жүйелерінің аудио (сөйлеу) процессорларын күйге келтіруге арналған кабинет;
- 6) сурдопедагог кабинеті;
- 7) тұрмыстық бөлме.

Қазақстан Республикасының
халқына
сурдологиялық көмек көрсету
қағидаларына
4-қосымша

Сурдологиялық көмек көрсету үшін бір пациентке арналған уақыт нормативтері

Маманның қабылдауы:	минутпен
Ересек тұрғындар үшін сурдолог дәрігердің консультациясы	30
Балалар үшін сурдолог дәрігердің консультациясы	30
Сурдопедагогтың консультациясы	30
Логопедтің консультациясы	30
Фонопедагогтың консультациясы	30
Есту протезі маманының консультациясы	30
Психологтың консультациясы	30
Емшаралар мен манипуляциялар:	
Отоскопия	15
Тональды шекті аудиометрия	30
Еркін дыбыс өрісіндегі тоналды аудиометрия	30
Ойын аудиометриясы	40
Жол үсті аудиометриясы	30
Сөйлеу аудиометриясы	40
Тимпанометрия	30
Акустикалық рефлекс	20
Акустикалық рефлектің ыдырау сынағы	20
Есту түтігінің функциясын тексеру	30
Промонториалдық тест	40
Есту жүйкесінің нерв реакциясы телеметриясы	20
Есту импланты электродтарының импеданс телеметриясы	20
Бұрмалау өнімінің жиілігінде отоакустикалық эмиссияны тіркеу	30
Қысқа патенттелген есту потенциалын тіркеу	60
Модуляцияланған тонға стационарлық потенциалдарды тіркеу (ASSR)	60
Есту аппараттарының немесе RECD сигналының шығу деңгейін тексеру	30
Жеке сабақтар (сурдопедагог немесе логопед немесе онопедагог)	40
Есту және сөйлеу жағдайын сурдопедагогикалық тексеру	30
Сөйлеу жағдайын логопедтік тексеру	30
Сурдологтың аудио - (сөйлеу) процессорын қосу	40

Сурдологтың аудио- (сөйлеу) процессорын бапта	40
Есту аппаратының сурдологын баптау	40
Аудио- (сөйлеу) процессорының есту протезін баптау	40
Есту аппаратының есту протездерін іріктеу және баптау	40
Сурдопедагог кохлеарлық импланттау, ортаңғы құлақ және немесе сүйек өткізгіштігі жүйелерінің аудио (сөйлеу процессорының) күйге келтірілуін зерттеп-қарауы	30
Сурдопедагогтың есту аппаратын күйге келтіруді тексеруі	30

Қазақстан Республикасының
халқына
сурдологиялық көмек көрсету
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Кохлеарлық импланттаудан кейінгі пациенттің төлқұжаты

1. Баланың аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі _____
2. Туған күні _____
3. Операция жасау сәтінде жасы _____
4. Тұрғылықты мекенжайы: _____ облысы
_____ ауданы _____ қаласы (ауылы)
_____ көшесі № _____ үй _____ корпус
_____ пәтер
үй телефоны _____
ұялы телефоны _____
5. Баланың ата-анасының немесе заңды өкілінің деректері (аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда)
_____ телефон _____
6. Анамнез:
 - 1) есту қабілеті бұзылғандығы байқалған жасы _____
 - 2) алғаш диагноз қойылған жасы _____
 - 3) есту қабілеті бұзылуының болжамды себебі _____
 - 4) шалдыққан менингит/нейроинфекция туралы деректер _____
 - 5) операцияға дейін есту аппаратын пайдалану (есту аппаратымен жүру кезеңін көрсете отырып) _____
 - 6) Оқу орны (ұйымдастырылған балалар үшін) _____

7. Кохлеарлық имплантация жүйесі:

- 1) Кохлеарлық имплантация жүйесі фирма-өндірушінің атауы _____
- 2) Кохлеарлық имплант атауы _____
- 3) Электрод түрі _____
- 4) Сөйлеу процессорының атауы _____
- 5) Имплантталған жағы: сол/оң / билатералды (керегін сызу)
- 6) Ішкі құлақ иірімінің болуы _____
- 7) Операцияны жасаудың ерекшеліктері _____
- 8) Операция күні _____ Қосу күні _____
- 9) Операция жасау орыны _____
- 10) Сөйлеу процессорының жиынтығы:

№	Атауы	Саны
1	2	3

8 Сөйлеу процессорын баптау немесе оның баптау сессиясы:

- 1) Баптау немесе баптау сессиясының күні _____
- 2) Ұйымның атауы _____
- 3) Дәрігердің (аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда) _____
- 4) Сурдопедагогтың аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда) _____
- 5) Стратегия _____
- 6) Бағдарламалар _____
- 7) Баптаудың ерекшеліктері (олар болған жағдайда) _____
9. Операциядан кейінгі есту-сөйлеу оңалтуы:
 - 1) Күні _____
 - 2) Ұйымның атауы және педагогтың аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда) _____
 - 3) Сабақтың түрі _____
 - 4) Сабақтың мазмұны _____
10. Операциядан кейінгі техникалық сүйемелдеу:
 - 1) Сөйлеу процессорын ауыстыру немесе жөндеу күні _____
 - 2) Сөйлеу процессорын ауыстыруды немесе жөндеуді жүргізетін ұйымның атауы _____
 - 3) Жиынтық _____